

М. Имангазина^{1*} , Г.М. Мужигова² 

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан;
²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: meruyertimangazina@mail.ru

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІЛ-ҚҰРАЛ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ГРАММАТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация. Ұлттық негіздегі жазу жүйесін құру және бекіту – тілдің ұлттық сипатын, бірегейлігін сақтап қалуға тірек болатын ең басты алғышарт. Қазақ жазуының реформаторы А.Байтұрсынұлы қалыптастырған жазу жүйесі де осы тұрғыдан жоғары бағаланады. Емле мәселесі әрдайым өзекті саналатындықтан, емле ережелерінің басты ұстанымдарын айқындау қазақ тіл білімі үшін аса қажет. Мақалада емле ережелері жүйелі берілген алғашқы еңбек – «Тіл-құралдағы» жазу қағидалары мен грамматикалық заңдылықтардың ықпалдастығы талданады. Зерттеудің мақсаты – А.Байтұрсынұлы қалыптастырған емле ережелері мен грамматикалық мәселелердің байланысын айқындау.

Зерттеудің практикалық маңызы емле ережелерін түзуде грамматикалық ұстанымды негізге алудың маңыздылығын талдаудан көрінеді. Мақалада диахрондық және синхрондық аспектіде салыстырулар жасалып, XVIII, XIX ғасыр мәтіндеріндегі қазақ тілі емлесінің даму сипаты және грамматикалық бірліктердің жазудағы көрінісі қарастырылды. Нақтырақ айтқанда, сипаттау, жүйелеу және салыстыру тәсілі негізінде тарихи деректер, соның ішінде, ескі қазақ жазба тілі материалдарындағы грамматикалық заңдылықтардың бұзылу себебі және оның жазуға әсері көрсетілді. Нәтижесінде еңбектегі морфологияға қатысты ережелердің емлемен байланысы «Сөз түлғасы және емле», «Сөз құрамы және емле», «Пунктуация және емле» деген үш түрлі қатынасқа жіктеліп, қарастырылды.

Тірек сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, жазу реформасы, жазу ұстанымдары, емле, орфография, грамматика, оқулық.

М. Имангазина^{1*}, Г.М. Мужигова²

¹Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан;
²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: meruyertimangazina@mail.ru

СВЯЗЬ ПРАВИЛ ПРАВОПИСАНИЯ И ГРАММАТИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ В ТРУДЕ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «ТІЛ-ҚҰРАЛ»

Аннотация. Создание и утверждение системы письма на национальной основе – важнейшая предпосылка, которая служит опорой для сохранения национального характера и уникальности языка. Система письма, сформированная первым реформатором казахской письменности А. Байтұрсынұвым, также высоко ценится с этой точки зрения. Поскольку вопрос правописания всегда является актуальным, для казахского языкознания крайне необходимо определить основные положения правил правописания, которые легли в основу реформы правописания ученого. В статье анализируются правила правописания – интеграция принципов письма и грамматических закономерностей, которые в первый раз были полностью отражены в труде «Тіл-құрал». Цель исследования – выявить взаимосвязь правил правописания и грамматических проблем, сформулированных А. Байтұрсынұвым.

Практическая значимость исследования проявляется в анализе важности обоснования грамматической позиции в построении правил правописания. В статье проведены сравнения в диахроническом и синхронном аспектах, рассмотрены характер развития орфографии казахского языка в текстах XVIII, XIX веков и отражение грамматических единиц в письме. В частности, на основе методов сравнения, описания, систематизации были продемонстрированы исторические данные, в том числе причина нарушения грамматических закономерностей в материалах древне-казахского письменного языка и его влияние на письменность. В результате в труде связь морфологических правил с правописанием были классифицированы на три различных группы: «Форма слова и правописание», «Состав слова и правописание», «Пунктуация и правописание».

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы, реформа письма, принципы орфографии, правописание, орфография, грамматика, учебник.

M. Imangazina^{1*}, G.M. Muzhigova²

¹Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan;

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: meruyertimangazina@mail.ru

CONNECTION OF SPELLING RULES AND GRAMMATICAL PROBLEMS IN THE WORK OF AKHMET BAITURSYNULY "TIL-KURAL"

Abstract. The creation and approval of a writing system on a national basis is the most important prerequisite that serves as support for preserving the national character and uniqueness of the language. The writing system formed by the first reformer of the Kazakh script A. Baitursynuly is also highly appreciated from this point of view. Since the issue of spelling is always relevant, it is extremely necessary for Kazakh linguistics to determine the main provisions of the spelling rules that formed the basis for the spelling reform of the scholar. The article analyzes the rules of spelling – the integration of the principles of writing and grammatical patterns, which for the first time were fully reflected in the work "Til-Kural". The purpose of the study is to identify the relationship between spelling rules and grammatical problems formulated by A. Baitursynuly.

The practical significance of the study is manifested in the analysis of the importance of substantiating the grammatical position in the construction of spelling rules. The paper makes comparisons in diachronic and synchronous aspects and examines the nature of the development of the spelling of the Kazakh language in texts of the XVIII, and XIX centuries and the reflection of grammatical units in writing. In particular, based on the methods of comparison, description, and systematization, historical data were demonstrated, including the reason for the violation of grammatical patterns in the materials of the ancient Kazakh written language and its influence on writing. As a result, in the work, the connection of morphological rules with spelling was classified into three different groups: "Word form and spelling", "Word composition and spelling", and "Punctuation and spelling".

Keywords: Akhmet Baitursynuly, writing reform, principles of orthography, spelling, orthography, grammar, textbook, punctuation.

Кіріспе

Қазақ жазуы – әлемдік жазу кеңістігінің бір бөлігі, яғни жеке ұстанымдары мен қағидалары, нақты ережелері бар жүйе. Қазақ тіл білімінде жазу теориясының негізі салынып, *ұлттық әліпби*, *ұлттық жазу* түсініктерінің пайда болуы А. Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланысты. Ғалым қазақ тіліндегі дыбыстардың санын, сипатын дәл анықтап қана қоймай, қазақ тілінің табиғатына сәйкес емле ережелерін жасап, грамматика мен фонетика тоғысындағы жазу жүйесін бекітті. Сондықтан А. Байтұрсынұлы қалыптастырған жазу қағидаларын терең зерделеу – әрі теориялық, әрі практикалық тұрғыдан маңызды қадам.

«Тіл-құралда» жазу мәдениеттің, өркениеттің бір белгісі екені былайша атап өтіледі: *«Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық»* (Байтұрсынұлы, 2013: 24). Сол себепті ғалым қазақ қоғамын алға жылжытуда да басты тетік – халықтың сауатын ашып қана қоймай, ғылым-білімге негіз болатын ұлттық сипатты жазуды қалыптандырудан бастау қажеттігіне аса мән береді.

«Тіл-құрал» – қазақ халқының, қазақ балаларының сауатын ашу, жазуды тез меңгерту үшін жазылған оқу құралы. Сонымен қатар, қазақ тілінің тазалығын сақтау, жазба тілдің грамматикалық құрылымын айқындауы да еңбектің бірегей нәтижесі. Ғалым өзі жазған «Өмірбаянында (1929): *«...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халық тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым»* (Сайбекова, 2020: 4) – деп қазақ жазуын реформалауды қалай жүзеге асырғанын кезең-кезеңмен түсіндіреді. Ғалым «қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салуды»

ең бірінші кезекте қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикасын зерттеуден бастаған. Сондықтан А.Байтұрсынұлының емле ережелерін талдауда, ғылыми негізін түсіндіруде осы екі саланың байланысы тұрғысынан қарастыру маңызды. Осы орайда қазақ жазуы, емлесі, қазақ тілінің грамматикасы туралы зерттеулерді А.Байтұрсынұлының «Әліппе» және «Баяншы» еңбектерінен және ғылыми негізі мықты «Тіл-құралдан» бастау қажеттігі жазылмаған заң деуге де болады.

Материал және әдістер

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми еңбегінің нәтижелі, маңызды бөлігі – қазақ жазуын реформалау. Себебі «жазу реформасы», шын мәнісінде, – қазақ тілінің тағдыршешті мәселесі. Ғалым жазу реформасының бастауы саналатын жаңа әліпби түзіп қана қойған жоқ, емле ережелері негізінде сол кезеңге дейін жазуда көрінген тілдің түрлі деңгейдегі мәселелерінің де шешімін қарастырды. Сол себепті бұрынғы емленің қате-кемшіліктерін ескере отырып, дыбыс жүйелі емле мен туыс жүйелі емлені қажет орнына қарай тіл табиғатына бейімдеп қолданды. Емлеге қатысты пікір қайшылығын, ондағы ойға қонымсыз тұжырымдарды талдай келе, А. Байтұрсынұлы «Емле туралы» мақаласында: *«Осы күнге дейін тұтынып отырған емлеміздің кемшілігінің бәрін түзеп, жоғарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін,»*) – деп (Байтұрсынұлы, 2013: 339-341) жалпы халықтың қолданысына ыңғайлы емле ережелерінің жүйесін ұсынды. Бұл емленің жеңіл әрі ыңғайлы болуының бір дәлелін академик Р. Сыздықтың: *«Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А. Байтұрсынұлының «Әліпбиімен» ашып, ана тілін А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» арқылы оқып үйренді»* (Сыздықова, 1990: 49) – деген сөзінен көруге болады. А. Байтұрсынұлы негізін салған емле ережелері арқылы сол кезеңде қазақ балалары сауат ашып, оқу-жазуды үйренсе, қазіргі таңда маңызы артып, қазақ орфографиясының өзегіне айналып отыр.

А. Байтұрсынұлы атап өткен бұрынғы емледегі кемшіліктер – ХХ ғасырдың басына дейін қазақ халқының ауызша тіліне қарағанда жазба тілінің кешеуілдеп дамуының бір көрінісі. Себебі ескі қазақ жазба тілі жалпы халықтық сипат алмағаны тілдік деректерден аңғарылады. Тілдегі дағдарыс ХVIII-XIX ғасырлардағы эпистолярлық стильдегі жазба мұралардан айқын көрінді, әсіресе грамматикалық және лексикалық қабат жазуда ұлттық бейнесін көрсете алмады.

XV-XIX ғғ. қазақ жеріндегі жазба тілге қатысты зерттеулерге сүйене отырып, профессор Н.Уәли ескі қазақ жазба тілінің жазу жүйесі туралы: *«XV-XVII ғғ. Қазақ мемлекетімен байланысты ескі қазақ жазба тілінде жазылған әртүрлі мәтін, құжат нұсқалары болды. Демек, жазба тіл болғаны хақ. Қазақ хан-сұлтандарының бұйрық-жарлықтары, көрші елдермен жазысқан дипломатиялық қатынас қағаздары, өзара жазысқан хаттары, т.б. ескі қазақ жазба тілінің үлгі-нұсқалары болып саналады.*

...Ескі қазақ жазба тілінің жазу жүйесі күрделі болды. Өйткені оның құрылымы әртекті (гетерогенді) болды: 1) қазақ тілінің элементтері, 2) ескі қыпшақ тілінің элементтері, 3) қарлұқ, оғыз-қыпшақ, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен алынған ауыс-түйістер молынан кездесіп отырды» (Уәли, 2018: 6) - деген тұжырымға келеді.

Сондай-ақ профессор Н.Уәли атап өткендей, ескі қазақ жазба тілі гетерогенді болғандықтан, ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс таңбалар екіұшты болып, ауызша қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар жиі кездесіп отырды. Осы орайда ескі қазақ жазба тіліндегі мәтіндер мен Байтұрсынұлы жазуымен жазылған мәтіндерді қатар алып салыстыру, жүйелеу тәсілдері мен тарихи әдіс арқылы емледегі ерекшеліктерді айқын көруге болады. Сондай-ақ сипаттау және құрылымдық әдістер жазу реформасының басты міндеті – емле ережелерін түзудегі А.Байтұрсынұлы негізге алған жүйені анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

А. Байтұрсынұлы қалыптандырған жазу жүйесі, емле ережелері және жалпы жазу теориясы Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы, Қ. Жұбанов, Р. Сыздықова, Н. Уәли, Қ. Күдерінова, Е. Маралбек сынды отандық ғалымдарымыздың еңбектерінде әр қырынан талданады. Атап айтсақ, ең алғаш XX ғасырдың 20-30 жылдары Елдес Омарұлы қазақ жазуы және емле мәселелерін тыңғылықты әрі терең зерттеген. Бұл туралы Е. Маралбек былай пікір білдіреді: *«Елдес Омарұлы ҚБТС-да (Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі) жасаған баяндамасында емледегі түйткілдерді тақырып бойынша жүйелеп, әрбірін жеке-жеке дәйектеді. Ең әуелі, жазу принциптеріне тоқталып, оның дыбыс жүйелі (фонетикалық принцип), сөз жүйелі (морфологиялық принцип) екі түрін атады. Жазу принциптерін ешкім қалағанынша таңдай алмайтынын, оны тілдің табиғаты таңдайтынын баса айтты. Қазақ тілінің ұстануға тиіс негізгі принципі «дыбыс жүйелі» (фонетикалық принцип) дей отырып, оны қазақ тілін таза сақтаудың шарты есебінде көрсетті. Сондықтан жазуды қарапайым қазақтың сөйлеу тіліне жақындату керектігін қуаттады»* (Маралбек, 2022 (№4): 43) – дей келе бұл екі принциптің қазақ тіліндегі арақатынасы туралы Елдес Омарұлының: *«Қазақша сөздің түбірі өзгермейтін болған соң, біздің дыбыс жүйесінше жазғанымыз сөз жүйесінше де дұрыс болады»* (Маралбек, 2022 (№4): 43) – деген тұжырымымен ойын дәйектейді. Бұл емле мәселесіне Елдес Омарұлының да өте терең бойлағанын, А. Байтұрсынұлы ұстанған жүйенің қазақ тілі үшін практикалық маңызын түсіне білгенін байқатады.

1926 жылы А. Байтұрсынұлымен бірігіп 412 беттік мектеп оқушыларына арналған «Оқу құралын» (хрестоматия түрінде) жариялаған Т. Шонанұлы да сол кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі – емлеге көп көңіл бөлген. Нақтырақ айтқанда, Т. Шонанұлы шет тілдерден енген сөздердің жазылуын, жазылуы дүдәмалды сөздердің жазылуын бір ізге келтіруге ат салысқан. Профессор Қ. Жұбановтың да А. Байтұрсынұлы өз ұстанымдарында көшбасшылық позиция берген дыбыс жүйелі емлені қолдағаны зерттеулерінен, ондағы емлеге қатысты ойларынан анық танылады. Ғалым: *«Емле негізіне қожә сол тілдің жаратылыс заңы болуы керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емлеміз дыбыс негізді болу керек»* - деп емленің тіл табиғатымен астасып жатуы қажет екенін алдыңғы ғалымдар секілді тағы бір рет тайға таңба басқандай ашып айтады. Дәл осындай пікірді А. Байтұрсынұлы да айтқан болатын. А. Байтұрсынұлының және одан кейінгі қазақ тілші-ғалымдарының емле мәселесіне келгенде тіл табиғатын назарға алуын ғалымның мына сөзімен түсіндіруге болатындай: *«Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара алмайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күнделікті тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді»* (Сыздықова, 1990: 37), яғни тіл халықтың мүлкі, ондағы таным-білім де халықтікі, сондықтан сол білімге негізгі кілт болатын жазу да, емле де халықтың мүддесіне қызмет етуі, халықтың меңгеруіне де, қолдануына да ыңғайлы болуы негізгі шарты саналмақ. Бұл ұстаным А. Байтұрсынұлы реформасының өзегі болғандығын аңғару қиын емес.

«Тіл-құрал» еңбегінің мән-маңызын айқындауда, оның емле мәселесіндегі қызметін саралауда А. Байтұрсынұлы есімі ақталғаннан кейін, алғашқы болып «Тіл тағылымы» жинағына әліппе, тіл, әдістемелік оқулықтарын топтастырып, құрастырған академик Р. Сыздықтың да зерттеулері аса құнды. Тіл ғылымының абыз анасы: *«Тіл-құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. «Тіл-құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. ...Қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық (морфологиялық-синтаксистік) құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы және дұрыс, жақсы бастамасы. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларының түрлерін көрсетуде де, сөздердің өзгеру (септелу, жіктелу, көптелу) тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да – қысқасы, қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын талдап-таныту күні бүгінге дейін А. Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізінде беріліп келеді»* (Сыздықова, 1990: 33) – деп «Тіл-құралдың» теориялық және практикалық маңызын дәл атап

көрсетеді. Академик Р. Сыздық еңбектерінде «Тіл-құрал» қазақ фонетикасымен қатар қазақ грамматикасының ғылыми негізінің көшбасындағы еңбек ретінде жоғары бағаланады. Себебі озық емле жүйесін қалыптастыруды А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен сөз жүйесін зерттеуден бастағаны мәлім.

XX ғасырдың басында-ақ түрлі талқылауларға түсіп, өзінің оң бағасын алған Байтұрсынұлы емлесі – қазіргі таңда да тілші-ғалымдардың жазу мәселесінде сүйенетін ең негізгі тірегі. Байтұрсынұлы емлесі ғасырлар тоғысындағы тіл ахуалын түзеуге үлкен үлес қосқан реформаның өзегі ретінде әрі диахрондық, әрі синхрондық аспектіде ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Қазақ жазуының ең басты артықшылығы саналатын «бұқаралық» (жалпыхалықтық) сипатын профессор Н. Уәли (Уәли, 1999: 269) де өз зерттеулерінде жан-жақты қарастырып, тарихи маңызын айқындап берді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқы жеке ұлт болып қалыптасқанға дейінгі кезеңдерден, яғни VIII-IX ғасырлардан бастап он бір ғасыр бойы араб негізді әліпбиді қолданып келгені белгілі. Бұл қазақ тілінің сөздік құрамына араб-парсы элементтерінің түрлі жолмен дендеп енуіне себеп болды. Нәтижесінде қазақ тілінің лексикалық қабаты түрленіп, кірме сөздер қатары артты. Ал грамматикалық бірліктер (сөз формалары, сөз құрамы т.б.) жазуда кітаби, ескілік қалыпқа енді. Қазақтың сауаты барларының өзі орыс, татар т.б. тілдердің жүйесімен сөз тізді. Ауызша дамыған ұлттық тілге төнген бұл қауіп туралы А.Байтұрсынұлы: *«Біздің жасынан орысша я ногайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандықтан. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ногайша оқығандар ногай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ногай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды»* (Байтұрсынұлы, 2013: 24) – дей отырып, жазуды «демократияландырудың» (Н.Уәли қолданған термин) қажеттігін ерекше атап өткен. А. Байтұрсынұлы «Тіл-құралда» бұл кемшілікті жөндеу туралы: *«Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды»* (Байтұрсынұлы, 2013: 25) – деген шешімін ұсынады. Сондықтан қазақ тілінің жүйесін үйретуді әліпби мен емледен бастайды. А. Байтұрсынұлы «Емле туралы» деген мақаласында емленің *«1). Таңба жүйелі (негізгі ынтымақ); 2). Тарих жүйелі (негізгі дағды); 3). Туыс жүйелі (негізгі тегіне қарай); 4). Дыбыс жүйелі (негізгі естілуіне қарай)»* (Байтұрсынұлы, 2022: 338) сынды төрт түріне тоқталып, әрқайсысының ерекшелігін талдайды.

Ғалым *«Таңба жүйелі емле – арғынға «дөңгелек» таңба алайық, қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сияқты»* (Байтұрсынұлы, 2022: 338) халықтың өзара келісімі мен ынтымағы негізінде жасалатын емле екенін айтады. Бұл емлені алмау себебін емленің елдің кеңесіне емес, *«тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиістігінде»* (Байтұрсынұлы, 2022: 338) деп түсіндіреді. Ал тарих жүйелі емле туралы сөз қозғағанда *«бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін»* (Байтұрсынұлы, 2022: 339) деген алақұлалығынан сақтанады. *«Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле»* (Байтұрсынұлы, 2022: 339) болса, *туыс жүйелі емле* керісінше сөздің дыбысталуына емес, тегіне қарап жазатын жүйе екендігіне де тоқталады. Ғалым әр түрін талдап, түсіндіре отырып, кілең туыс жүйелі емленің, кілең дыбыс жүйелі емленің қазақ сөзіне сәйкес келмейтінін ескертеді. Жоғарыда аталған ескі қазақ жазба тілі үлгілеріндегідей, «тұзлы», «атлы», «тұзны», «атны» деп жазсақ, бұлай жазудың қолайлы болмайтынын, қазақ тілінің жетілген қосымшалар жүйесінің бар екенін назарға алады. Ал дыбыс жүйелі емледе «сөзшең» дегенді «сөшшең», «ізшілер», «ісшілер» дегенді екеуін бірдей «ішшілер», «кигізсе» дегенді «кигіссе», «кигізше» дегенді «кигішше» т.б. деп жазудың да қолайсыздығын танытады. Екі

жүйені аралас тұтытуда көп қиындықтар болатындығын, сөз басына ереже жасау қажеттігі туатынын көрегендікпен болжап көрсетеді. Емлені қай жүйеге салып, қандай ережелерге негіздеу туралы үлкен дау болғанын ғалымның «Емле туралы» мақаласынан аңғару қиын емес. Осы орайда зерттеуші Е.Маралбек А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралда» көрініс тапқан емле ережелерінің құрылымы мен мазмұнын әр жылдар бойынша салыстыра отырып «1-кезең – 1912-1922 жж., 2-кезең – 1923-1924 жж., 3-кезең – 1925-1927 жж.» - деп үш тарихи орфографиялық кезеңге бөліп қарастырады. Сонымен қатар ғалым жазуда арқау еткен принциптердің тек морфонологиялық принциппен шектелмейтінін, онымен қоса дәстүрлі-тарихи және фонематикалық принциптерге де сүйенгенін атап өтеді (Маралбек, 2022 (№3): 100).

А.Байтұрсынұлы емле ережелерін түзіп қана қоймай, оны оқытудың тиімді жолын таба білді. «Тіл-құрал» еңбегі тіл фонетикасы мен грамматикасын үйрететін оқулық қана емес, емле ережелері мен қағидалары көрініс тапқан анықтағыш сипатында болды. Нақтырақ айтқанда, «Тіл-құрал» – Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасының ұлттық сипатын, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін, қазақ тілінің төл табиғатын көрсететін еңбек. Себебі, ғалым жазудың күрделі мәселесін ғылыми тұрғыда қарастырған зерттеу еңбегін жазуды мақсат етпеген. Кітаптың өзінде оқулық деп жазылғанымен, ғалымдар тарапынан бұл еңбек ғылыми-танымдық зерттеу, теориялық оқу құралы ретінде жоғары бағаланады. «Тіл-құралдың» басты ерекшелігі – жазудың грамматикамен ұштастыра отырып сипатталуы және теорияның практика негізінде түсіндірілуі. 1914 жылы Орынборда басылып шыққан кітап мұқабасында «Қазақ тілінің сарфы» *1-ші жылдық* деп көрсетілген. «Сарф» араб тіліндегі «морфология» ұғымын білдіреді, яғни бұл оқулық балаларға қазақ тілінің грамматикасын оқытуға бағытталған. Ғалымның кітапты дәл бұлай атауында және мұнда тек грамматика емес, емле мәселесінің де қамтылуында зор мән бар.

- *Біріншіден*, қазақ жазуы үшін ең қолайлы ұстаным морфонологиялық ұстаным болғандықтан, емле ережелері грамматикалық, фонетикалық ережелердің ішінде қарастырылады.

- *Екіншіден*, жазу үшін дыбыстарды дұрыс таңбалау және дұрыс классификациялау маңызды. Бұл классификацияны А.Байтұрсынұлы грамматика мен фонетиканың байланысына сүйене отырып жасаған. Бұған ғалымның қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, сөз тұлғаларын жіктеп көрсетуі, соның негізінде «түбір сақтау», «қосымшаларды естілуінше жазу», «күнгейлеп тұрған дыбыстарды аулақ, басқа жерге қойып айту» (Байтұрсынұлы, 2022: 341-342) т.б. туралы ұстанымдары анық дәлел.

- *Үшіншіден*, қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, сөз құрамы және тұлғасын дұрыс тану арқылы ғана жазу ережелерін бекітуге болады.

- *Төртіншіден*, сингармонизм заңы үстемдік ететін қазақ тілі үшін толық фонематикалық немесе фонетикалық ұстанымға негізделген жазу жүйесін қалыптастырудың қиындығы да ескерілді.

А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралындағы» морфология мәселелері мен емленің байланысын талдай келе, үш түрге жіктеп сипатталды. Олар:

1. Сөз тұлғасы және емле
2. Сөз құрамы және емле
3. Пунктуация және емле

1. Сөз тұлғасы және емле. Қазақ тіліндегі алғашқы әрі грамматикалық, әрі грамматологиялық еңбек ретінде қарастырылып отырған «Тіл-құралда» тұлға және тұрпат ұғымдары ажыратылып көрсетілген. Сондай-ақ автор сөздің *айтылуы* мен *графикалық тұрпатын* бөліп қарастырған. Бұлай бөлудегі ғалымның мақсаты – қазақтың ауызша тілінен алыстамайтын әрі қазақ сөзінің түбірін сақтайтын емле жүйесін, сөздердің «жазу тұрпатын» қалыптастыру. Мысалы, ғалым «Тіл-құралда» мынандай ескерту береді: «*Ескертіу: 'Сөздің тұлғасы мен тұрпаты' бір емес: тұлғасы бірдей сөздердің тұрпаттары басқа болуы мүмкін. Мәселен: «Тұрғанбай» - «Тұрғамбай» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпаттары*

бірдей емес. Мұндай орында айтылыу дұрыс-бұрысына қаралады. Дұрысы «Тұрғамбай» емес, «Тұрғанбай». Сондықтан жазғанда «Тұрғанбай» деб дұрыс тұрпаты мен жазамыз» (Байтұрсынұлы, 2023: 258). Бұл мысалдан қазақ жазуында фонетикалық принцип жетекші рөл атқаратынын, алайда түбірді сақтау үшін морфологиялық ұстаным да негізге алынатындығын көруге болады.

Ережеде айтылғандай, сөздерді жазуда түбірдегі дыбыстарды сақтау керек. Мысалда берілген *Тұрғанбай* біріккен сөзі айтылуда *бай* сөзіндегі билабиаль *б* дыбысының ықпалынан *тұрған* сөзінің соңғы *н* дыбысы билабиаль *м* дыбысына жуықтап, ауысады. Осының нәтижесінде [тұрғамбай] болып айтылады. Алайда ғалымның ұстанымы бойынша жазуда түбірді сақтау керек. Сондықтан мұндағы *тұрған* және *бай* деген екі түбір айтылудағы кейінді ықпалға қарамастан, бір сөз құрамында «Тұрғанбай» болып жазылған.

«Тіл-құралда» емле ережелері түрлі тақырыптардың түсіндірмелерінде айтылады. Жазу мәселесі «*Жазу ережелері*» және «*Сөз жазуының жалпы ережелері*» деген екі тақырыпта ғана арнайы қарастырылады. Алғашқысы дыбыстардың таңбалануына қатысты ережелерді қамтыса, соңғысы грамматика негізді ережелерді қамтиды. Аталған «Сөз жазуының жалпы ережелерін» Е.Маралбек құрамына қарай екі бөлімге жіктейді: «*Ахмет Байтұрсынұлы «Жазу қағидаларының» екінші бөлігі «Сөз жазудың жалпы ережелері» деп аталады. Бұл да екі бөлімнен тұрады: алғашқы бөлімі 5 ережеден, соңғы бөлімі «жұрнақтар» деген атпен берілген 19 ережеден тұрады. Бұл бүгінгі қазақ емлесіндегі «түбір сөз бен қосымшаның емлесіне» сәйкес келеді»* (Маралбек, 2022 (№3): 94). Бұдан ғалымның жазу жүйесін жасауда қандай ұстанымға сүйенгенін нақтылау және бұл ережелердің қазіргі қазақ емлесі үшін пайдасы мен өзектілігін айқындау кезек күттірмейтін мәселе екеніне тағы бір көз жеткізуге болады.

Қосымшалардың бірге жазылуы. Төте жазу арабграфиялы болғандықтан кейбір дыбыстар жазудағы орнына қарай төрт түрлі таңбалады. Сондай-ақ бірқатар қаріптер үзіліп, яғни басқа қаріптерге қосылмай жазылады. Ондай қаріптер: *ا, د, ر, ز, و, ؤ, ژ, ه, ه*. Бұлай үзіліп жазылу сөз мағынасына әсер етпейді және қаріптердің үзіліп жазылуы бөлек жазылу дегенді білдірмейді. А.Байтұрсынұлы жазу туралы алғашқы ережесінде осы ерекшелікке тоқталады және үзілу мәселесінде ең алдымен сөз формасына қатысты ескерту жасайды. Автор: «*Әр сөз түбір сөз болсын туынды сөз болсын, жұрнақтарымен, жалғауларымен бірге тұтас жазылады, үзілетін қарыбтер келген жерде үзіледі; ол үзілу – сөздің тұтастығын бұзбайды»* (Байтұрсынұлы, 1927: 17) - деген тұжырымға келеді. «Сөз тұтастығы» деп отырғаны – түбір мен қосымшаның бір сөздің құрамында әрдайым бірге жазылуы. Жоғарыдағы ереже А.Байтұрсынұлының қосымшаларға қатысты түсіндірмесіндегі «*қосымшалар – сөзге жалғанатын буындар»* (Байтұрсынұлы, 2013: 40) деген анықтамасын нақтылай түседі. Сондай-ақ аталған ереженің төртінші және бесінші тармақтарында автор қосымшалардың жалғанатынын және олардың сөзбен бірге жазылатынын тағы да еске салады: «*Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады. Жалғаулар түбір сөзге де, туынды сөзге де қосылып жазылады»* (Байтұрсынұлы, 1914: 21). Ғалымның емле ережелерінің қатарына бұл тармақты қосуының өзіндік мәні бар. Ол алдыңғы кезеңдегі жазу ерекшеліктерімен байланысты. Нақтырақ айтқанда ескі қазақ жазба тілінде және одан бұрын жазба тілде қосымшалар сөзден бөлек жазылған. Бұлай жазу сөз мағынасына әсер етіп, тұтастығын бұзған. Мұның себебін Е. Маралбек былайша түсіндіреді: «*Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасына дейін жалғаулар мен жұрнақтардың елеулі бөлігі сөзден бөлек жазылды. Мысалы, -лар көптік жалғауы, -ның ілік септігі, -дан шығыс септігі, -ны табыс септігі, -мен (-бен, -пен) көмектес септігі түбірден бөлек жазылатын, қос сөздер сызықшасыз бөлек жазылатын, -тұғын, -лық т.б. жұрнақтар түбірден бөлек жазылатын. Себебі, тәуелдік, жіктік жалғауларына қарағанда, көптік, септік жалғауларын сөзден бөліп, өз алдына екпін қойып айтуға келетін. Ал жұрнақтардың өз алдына грамматикалық мағынасы бар. Бұлар сөзден бөлінгенімен, мағынаға айтарлықтай әсері болмайтын»* (Маралбек, 2022 (№3): 97). Сол себепті алғашқы ережені қосымшаларға арнау арқылы ғалым қосымшалардың әрқашан сөзге қосылып бірге жазылатынына назар аудартып отыр. Еңбекте дәл осылай айтылғанымен, автордың жазу

тәжірибесінде, яғни өзі жазған материалдарда көмектес септігінің жалғауларын тұрақты түрде бөлек жазғанын байқауға болады. Мысалы: 1) *Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдер мен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек.* 2) *Жалқылағыш қос сөздердің арасы сызықша мен айрылыб да, айырылмай да, жазылады.* 3) *Күшті мен күресбе, бай менен тіресбе. От бен ойнама күйерсін, бала мен ойнама, шаршарсын»* (Байтұрсынұлы, 2023: 234) (жазылуын дәл беру үшін сөйлемдер «Тіл-құралдың» графикалық проекциясынан алынды). «Тіл-құрал» еңбегінің түпнұсқасында жалғаулық *мен, бен, пен* шылауларының бірге жазылуы кездеседі: *«1-інші бөлімі сөйлеумен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен бұуынды, бұуын мен дыбысты танытады»* (Байтұрсынұлы, 2023: 234). Бұл техникалық қате болуы әбден мүмкін. Кітаптың басқа жерінде автор бұл форманы үнемі бөлек жазған. Себебі А. Байтұрсынұлы *мен, бен, пен* тұлғаларын қосымша деп емес, жалғаулық шылау деп қана санаған. Сонымен қатар еңбектегі септік категориясының парадигмасы тек бес септіктен тұрады. Көмектес септік бұл парадигмаға енбеген. Көмектес септік жалғаулары тұрпаты жағынан омонимдес *мен, бен, пен* жалғаулықтарынан ажыратылмайды. Ғалым өзі жазған мәтіндерінде бұл форманы сөзден бөлек жазып, «және» меніндегі жалғаулық шылау қызметінде де, «бірге, көмегімен, арқылы» мәніндегі (қазіргі көмектес септік мәніндегі) шылау қызметінде де қолданған. Жазу тәжірибесіндегі бұл ерекшелікті «Жалғаулық» тақырыбындағы анықтамамен түсіндіруге болады: *«Кей сөздер жалғау орнына жүреді жана жалғаулар сыйақты, басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықбайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тібті аз, мәселен: мен, үшін, арқылы, тақырыбты, тұралы. «Менен» алдындағы дыбыстың түріне қарай «бенен» болып айтылады, қысқа түрінде мен, «бен» болып айтылады»* (Байтұрсынұлы, 2023: 296). Анықтамада айтылғандай, «мен», «бен», «пен» тұлғалары жалғаулық шылау деп саналғандықтан, үнемі бөлек жазылған. Алайда қазіргі нормаға айналған көмектес септік жалғауының сөзбен бірге жазылатыны туралы А. Байтұрсынұлының шәкірті Елдес Омарұлы айтып өткен. Бұл туралы зерттеуші Е. Маралбек: *«...Бұған дейін (1929 жылға дейін) барлық жерде бөлек жазылып келген «мен» тұлғасын сөйлемдегі семантикалық қызметі мен сөздерді байланыстыру ерекшелігіне қарай демеу (шылау) және жалғау деп екі бөліп, екі басқа форма деп таниды. Бөлек жазылатын демеуден «жалғау» атымен жеке айырылып шыққан түрі көмектес септік жалғауы еді. Осылайша А.Байтұрсынұлы грамматикасында берілмейтін, осыған дейін, тілде болса да, емледе көрініс таппаған көмектес септік тұлғасын (Кей зерттеушілер ХХ ғасыр басына дейін қазақ тілінде көмектес септік болмаған деп ұғады) шылаудан ажыратып алған және жалғау болғанда түбірге қосылып жазылып, шылау болғанда түбірден бөлек жазылатын қазіргі нормасын тұңғыш енгізген ғалым – Е.Омарұлы»* (Маралбек, 2022 (№3): 52) - деп тұжырымдайды. Ал А.Байтұрсынұлының көмектес септігін сөзден бөлек жазуы, біріншіден, оларды шылау деп тануымен, екіншіден, өзіне дейінгі дәстүрлі принциптегі қосымшаларды бөлек жазу дағдысымен байланысты болса керек.

Қосымшалардағы дүдәмал дыбыстардың жазуда таңбалануы. А.Байтұрсынұлы жасаған жазу жүйесі ауызша тіл мен жазбаша тілдің тығыз байланысын және өзара қатынасын ескерген жүйе болды. Сондықтан жазуда бірізділік болуы үшін, сөйлеудегі кейбір анық емес құрылымдарға жеке тоқталған. Солардың бірі – қосымшалардағы дүдәмал естілетін дыбыстар. Бұл туралы еңбекте: *«Жұрнақ индегі дүдәмал естілетін дбсдар естлген қалбша жазылады. Жалғауда [т] мен [д] дбсдары дүдәмал болса, «т» жазлмай, «д» жазылады. Жұрнақдар түбр сөздің, жалғаулар түбр һм тұнды сөздің айақ дбсынң түріне қарай өзгерілңкіреб жалгасады»* (Байтұрсынұлы, 2023: 62) - деген қысқаша анықтама берілген. Ғалымның дүдәмал дыбыс деп отырғаны – дыбысталуы ұқсас *т-д, п-б, к-г, қ-г* дыбыстары. Қосымша құрамында бұл дыбыстар көбінесе бір-біріне өте жуық дыбысталады. Мұндай жағдайда сөздерді таңбалағанда көбінесе қосымшалардың ұяң нұсқалары жазылған. Мысалы: 1) *Ол сенің арызыңды жазыб бермес, үйткені арыз жазбайтұн адам.* 2) *Күшті мен күресбе, бай менен тіресбе.* Осындағы *жазыб, күресбе, тіресбе* дегенде автор *-ып* орнына *-ыб, -не* орнына *-бе*

түрінде қолданып, қосымшалардың ұяң түрін жазған. Бұл – қадім жазуына тән заңдылық. Ескі қазақ жазба тілінің үлгілеріндегідей ұяңмен жазу ғалымның дәстүрлі принципті сақтағанын көрсетеді.

Қосымшаларды жазуда үндестік заңының сақталуы. Қазақ тілі аглютинативті тіл болғандықтан, сөздердің грамматикалық мағынасы сөз формалары арқылы сөйлем ішінде көрінеді. Ал сөз түбірі қопармалы тілдердегідей көп өзгеріске түспейді. Алайда қосымша жалғану барысында түбірдің соңғы дыбысына қарай қосымшалар дыбыстық жағынан түрленеді. Сол себепті ғалым қосымшалардың сөзге жалғануында үндестік заңының маңыздылығына ерекше мән берген. Бұл жазуды сөйлеу тіліне жақындату қажеттігінен туады. Ескі қазақ жазба тілінде қосымшалардың бір ғана нұсқасы қолданылғаны белгілі. Ауызша тіл мен жазба тілдің арасындағы осындай алшақтықты жою үшін ғалым үндестік заңын тек сөйлеуде емес, жазуда да басшылыққа алу керектігіне көз жеткізген. Бірқатар сөздерге қосымша жалғанғанда сөздің соңғы дыбысы өзгереді, сәйкесінше түбір де өзгеріске ұшырайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы түбір сақтау мен тілдің дыбыстық заңдылықтарын қатар алып, арнайы тақырыптар арқылы жазу ұстанымдарының қайсына басымдық берілетінін көрсетіп отырған. Мысалы «Қ және ғ дыбыстары» тақырыпшасында: *«Кей орында «қ» дыбысы «ғ» болып өзгереді. Ондай орында айтылуына «ғ» харфін жазу тиіс. Ақ – ағы, бақ – бағы, сақ – сағы. «Г» харфін жазу тиіс. Етік – етігі; етігі жаман төрге шықпас. Еңбек – еңбегі, өнбек – өнбегі. Еңбегі молдан өнбегі де мол»* (Байтұрсынұлы, 2013: 39) – деп аталған дыбыстардың емлесін грамматикалық заңдылықтар негізінде ғана емес, сөздердің айтылуына да негізделетінін аңғартады. Нақтырақ айтқанда, қазақ тілінің сөз жүйесі бойынша *қ, к және п* дыбыстарына аяқталатын зат есімдерге III жақ тәуелдік жалғауы жалғанғанда, олар *қ-ғ, к-г, п-б* болып сәйкес дыбыстарға ауысады. Бұлай өзгеру – дыбыстардың сөз бен қосымша аралығында бір-бірімен үндесіп, үндестік заңына бағынуы. Мысалы, *көйлек – көйлегі, аяқ – аяғы, қорап-қорабы* т.б. Басқаша айтқанда, айтылу кезінде сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгерістерін негізге алу, яғни фонетикалық ұстанымға сүйенудің көрінісі деп қарастыруға болады. Алайда мағынаға әсер етіп, мағына бұзылып кететін болса, қосымшаны түбірді сақтап жалғаған. Оған «көрік – көркі», «бөрік – бөркі» сынды сөздерді мысалға келтіруге болады.

А.Байтұрсынұлы қазақ жазуының емлесін түзуде қосымшалардың үндестік заңына байланысты түрленіп жалғануын басты назарға алғанының тағы бір көрінісі – «Жұрнақтар» тақырыбынан көрінеді. Аталған тақырыпта әрбір жұрнақтың сингармонизм заңы бойынша сөзге жалғану ерекшеліктері қарастырылады. Мысалы, зат есім тудырушы *-лық* жұрнағының жалғану ережелері былайша көрсетіліп: *«Жұрнақ «лық». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «лық» күйінде жалғанады; мәселен, бала – балалық, жау – жаулық, қу – қулық, жабы – жабылық, бай – байлық.*

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, жұрнақ «лық» өзгеріліп, «тық» болып жалғасады, мәселен, қымыз – қымыздық, хаж – хаждық, сал – салдық, қом – қомдық, хан – хандық, аң – аңдық.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, -лық жұрнақ -тық болып жалғасады, мәселен, қап – қаптық, құрт – құрттық, аш – аштық, жас – жастық, сақ – сақтық.

Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік» «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болып жалғасады, мәселен, ер – ерлік, ел – елдік, тең – теңдік, ерке – еркелік, кедей – кедейлік, көп – көптік» (Байтұрсынұлы, 2013: 41) – деп түбір сөздің соңғы дыбысына қарай түрленетіндігі айтылады. Дәл осылай он тоғыз жұрнақтың сөзге жалғану ережесі көрсетілген.

Автор сөздерге қосымшалардың жалғануында үндестік заңын сақтамайтын формаларды да назардан тыс қалдырмаған: *Үндестік заңына келмейтүн «гер», «дікі», «паз» сықылды жұрнақтар 'түбір сөзге қосылып жазылады; Ондай жұрнақ бен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса оның дәйекшісі жұрнақ қосылғандада қалмай жазылады (Мысал: « түздікі», «'түздікі», «'сөзіуар», «'білімпаз»)* (Байтұрсынұлы, 2023: 260). Мұнда ғалым тек жұрнақтарды атап, «-мен», «-бен», «-пен» жалғауларын атамайды, бұл ғалымның жоғарыда аталғандай көмектес септігін қосымша қатарына қоспауына байланысты. Үндестік заңына бағынбайтын

қосымшалар туралы сөз қозғағанда, оқу мен жазуда түсініспеушіліктер болмауы үшін дәйекші белгісіне арнайы тоқталған. Ғалымның жазуда дәйекшіні қолдануын академик Р.Сыздық үндестік заңын сақтауға, соған икемдеуге деген ұмытылысы ретінде жоғары бағалайды. Алайда кей жағдайда дәйекшіге байланысты үндестің заңына бағынбайтын «қор», «паз» сынды жуан қосымшаларды жіңішке оқымас үшін арнайы ереже дайындаған.

Автордың әр тұлғаның сөзге жалғану ерекшеліктеріне кеңінен тоқталуы ескі қазақ жазба тілінің жазу тәжірибесіндегі кемшіліктердің қайталануынан сақтануы болса керек. Мысалы, 1732 жылы Әбілхайыр ханның патша атына жолдаған хат мәтінінде сөздердің грамматикалық тұлғалары кітаби сипат алған:

«...Нечүк бұндан әуеәл һәм бұ сана 1732 сіз биүк бадшаһ ағзам хазреттеріңізге елчіміз Беке батыр илә мәктүб гарызымыз иолланмыш еді уа имді сіз биүк император ағзам харетлері уа жұмла мархаматлу бадшаһым хақпайларына иүзімізні сүрүб русча уә илтмас идрам ки. Ол елчіміз Беке батыр илә иоллайан ғаиднама уа мағдалар мужсинче сіз ұлұғ император ағзам хазреттеріне ықрар ейран түлкі қарсақмызны бұл иыл тәржман Мұхаммед мырза Тәуекел илә хәзір қылұб иоллай алмадұқ. Зере қазақ халқымыз бізнің киік мінезлі еді уа аңа себеб һәм қалмақ төресі Лобжа уасуси берүб халқұмызға көб бұзғақлар салды» (Мамырбекова, 2012: 43).

1-кесте – Қосымшалардың салыстырмалы кестесі (XVIII ғ.)

Ескі қазақ жазуы (XVIII ғ.)	Қазіргі жазу	Өзгерген тұлғалар
Иолланмыш	Жолданған	[-мыш] (көне форма) [-ған]
Иүзімізні	Жүзімізді	[-ні] – [-ді]
Русча	Орысша	[-ча] – [-ша]
Иоллайан	Жолданған	[-иан] – [-ған]
Қарсақмызны	Қарсағымызды	[-ны] – [-ды]
Қылұб	Қылып	[-ұб] – [-ып]
Иоллай	Жолдай	[-лай] – [-дай]
Алмадұқ	Алмадық	[-дү+қ] – [-ды+қ]
Бізнің	Біздің	[-нің] – [-дің]
Мінезлі	Мінезді	[-лі] – [-ді]
Берүб	Беріп	[-үб] – [-іп]

XVIII ғасырмен салыстырғанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы жазба мұраларда жазба тіл ауызша тілге жақындағанын байқауға болады. Мысалы 1890 жылы Дала генерал губернаторы фон Таубенің қыр облыстарының басқарушыларына арнаған жарлығындағы грамматикалық формаларда өзгеріс анық көрінеді:

«Жарлық

Степной генерал губернаторының қыр облыстарының бастұқдарұна 28 нчы майда 1890 нчы жылда номір 1571 нчі.

Менің қол астыма қараған уалайатда бір елдің хызметдегі адамдарының низамсыз қылған ісдері турада болған тергеуден байқаб біліб тұрмын елден алынатын ғайры низамсыз алымдардан басқа бір түрлі алым ақчалай иа нәрсеменен орынсыз тағы да алады екен. Генерал губернаторды, жандаралды, ойазнайды әм ғайры хызметменен чыққан төрелерді силаб қонақ қылуға деб мәзкүр ұлұқдар бұрын ойлаучеді солайча силаб қонақ қылуға керек жарақ асды мұсылман рәсімінче хұрметді байлар чығарады ғой деб» (Мамырбекова, 2012: 128).

2-кесте – Қосымшалардың салыстырмалы кестесі (XIX)

Ескі қазақ жазуы (XIX ғ.)	Қазіргі жазу	Өзгерген тұлғалар
Облыстарының	Облыстарының	[-дар] – [-тар]
Бастұқдарұна	Бастықтарына	[-түк] – [-тық] [-дар] – [-тар] [-ұна] – [-ына]

28 нчы	жиырма сегізінші	[-нчы] – [-інші]
Уалайатда	Уәлайатта	[-да] – [-та]
Хызметдегі	Қызметтегі	[-дегі] – [-тегі]
Ісдері	Істері	[-дер] – [-тер]
Ұлықдар	Ұлықтар	[-дар] – [-тар]
Ойлаучеді	ойлаушы еді	[-ч] – [-шы]
Солайча	Солайша	[-ча] – [-ша]
Асды	Асты	[-ды] – [-ты]
Рәсімінче	Рәсімінше	[-че] – [-ше]
Хұрметді	Құрметті	[-ді] – [-ті]

Жоғарыда берілген мысалдардан ескі қазақ жазуында қосымшалардың жазылуындағы қазақ тілінің жүйесіне тән емес екі түрлі сипатты байқауға болады. Олар:

- 1) Дыбыс үндестігінің сақталмауы;
- 2) Еріндік қосымшалардың ерін үндестігі жоқ жерлерде келуі.

2. *Сөз құрамы және емле.* Қазақ тілінің емлесіндегі әлі күнге дейін өзектілігін жоймай келе жатқан мәселелердің бірі – күрделі сөздердің емлесі. Әсіресе қос түбірден құралған сөздердің бірге, бөлек немес дефис арқылы жазылуы және олардың жазылуына негіз болатын заңдылықтарды анықтау әрдайым тілтанушылардың назарында.

«Сөз тұлғалары» тақырыбында ғалым *сөздердің түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз және қосымшалар* деген бес түрін атайды. Ғалым «Тіл-құралда» бір құрамды сөздердің емлесімен салыстырғанда, көп құрамды сөздерді жазу қағидаларына сирек тоқталады. Күрделі сөздердің емлесі «Сөз тұлғалары» тақырыбында ғана айтылады. Күрделі сөздерге жалпы атау ретінде «қос сөз» терминін қолданады және оған мынандай анықтама береді: «*Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі нәрсенің көбін қамти атайды. Екіншілері нәрселерді айыра атайды. Алдыңғысы – жалпылағыш қос сөз (аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шаян т.б) деп, соңғысы – жалқылағыш қос сөз (жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ піспек-сап, шеге-балға т.б.) деп айтылады*» (Байтұрсынұлы, 2013: 76). Ережеден қос сөздердің дефис арқылы жазылатынын байқауға болады. Десе де қос сөздердің бәрі дефиспен жазылмаған. Қос сөздердің емлесі (сызықшамен жазылуы) қазақ сөздерінің бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке буын тұрпатын сақтау үшін енгізілген. Нақтырақ айтқанда сөздер бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болса, бірігіп жазылады да, ал біреуі жуан, екіншісі жіңішке болса «сызықша» (дефис) арқылы ажыратылады. «Сөз жазуының жалпы ережелері» тақырыбында ғалым: «*Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықшамен (–) айырылып жазылады (аяқ-табақ, киім-кешек. Қой-қозы, түйе-мүйе, сауыт-сайман, ер-тұрман)*».

3. *Жалпылағыш қос сөздердің арасы сызықшамен айырылып та, айырылмай да жазылады.*

Қос сөзде екі сөз бірыңғай болса, мәселен, екеуі бірдей жуан я жіңішке айтылатын болса, онда екеуі айырылмай, тұтас жазылады (басқұр, қолқап, Балжан, желкесер, Алтынбай, Атанбай, Тасболат, Баймырза).

Қос сөзде екі сөз бірыңғай болмаса, мәселен, бірі жуан, бірі жіңішке сөз болып келсе, онда аралары сызықшамен айырылып жазылады (жел-бау, төсек-ағаш жүк-аяқ, Тілеу-бай, Ес-құл, Төре-тай, Жан-темір, Мұрат-бек, Мал-келді, Меңді-қара, Жіті-қара)» (Байтұрсынұлы, 2013: 77) – деп күрделі сөздердің емлесін нақтылай түседі.

Күрделі сөздер айтылғанда бір интонациямен, бір деммен айтылатындықтан, сөздер арасында дыбыстар ықпалдастығы болатыны белгілі. Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі анық көрінетін тұстардың бірі – екі түбірдің арасы. Сол себепті ғалым күрделі сөздер емлесін дыбыс үндестігіне қатысты тармақпен былайша толықтырады: «*Сондай ақ қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасыуынан болатұн тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік, тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпаты мен жазамыз. Мәселен: «жүг-*

айақ» деген 'сөзді «жүк-айақ» деп, «Қара гөз» дегенді «Қара көз» деп, «Сылаңғыз» дегенді «Сылаң қыз» деп жазамыз» (Байтұрсынұлы, 2023: 258). Бұл ережеден ғалымның түбір сақтауға аса көңіл бөлгені аңғарылады. Ережеде берілгендей, буын үндестігі сөздерді бірге немесе қосарлап (сызықшамен) жазудың алғышарты болса, екі түбір арасындағы дыбыс үндестігін таңбаламау – сөздердің түбірін сақтаудың тағы бір жолы.

Тіркескен сөздер туралы «Тіл-құралда» сөз болмайды. Бірақ «қосалқы сөздердің» яғни шылаулардың сөздерге тіркесіп келетіні мысалдардан аңғарылады: «Қосалқы сөз дегеніміз – өз алдына мағынасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағына шығатын сөз. Мәселен: да, гой, гана (мал да, жан да, солай гой, осы гана)» (Байтұрсынұлы, 2013: 40). Алайда тең мағыналы екі сөзден құралып, тіркесетін күрделі сөздер жән олардың емлесі туралы арнайы ережелер берілмеген.

Сондай-ақ демеулер бөлек жазылатын және бірге жазылатын жағдайлар туралы ғалым өте құнды тұжырымын ұсынады. Ол қазіргі таңда да қазақ тілінде қатаң сақталатын емле ережелері қатарынан. Автор: «Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады, ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады. Мысалы: «жақсы ма?», «жақсы-ақ ба?», «жақсымысың?», «жақсыақбысың?» (Байтұрсынұлы, 2013: 78) - деп демеулердің қосымшаның алдында келсе сол сізге кірігіп кететінін, сол себепті бірге жазылатынын түсіндіреді. Нақтырақ айтқанда, сөзге қосымша қосылып жазылатындықтан, демеулерден кейін келген жіктік жалғауы демеу мен негізгі сөзді біртұтастандырып жібереді, яғни сөз тұтастығына әсер етеді. Ал, керісінше, айтуда біртұтас, бір деммен айтылғанымен грамматикалық заңдылық бойынша бөлек жазылатын шылауларға келгенде морфологиялық принципті басшылыққа алады. Сондықтан осындай құрылымдарға жеке ереже арнайды. Ережеде: «Қосалқы «ма», «ба» лардан «еді», «екен» деген бөлек жазылады. Айтар ма еді» келер ме еді, бармас ба еді. Айтқан ба екен? Көрген бе екен? Білді ме екен? тағысы тағылар» (Байтұрсынұлы, 2013: 78) - деп айтылымда «мекен», «бекен», «пекен» түрінде сабақтасып айтылатын «ма екен/ме екен», «ба екен/бе екен», «па екен/пе екен» тіркестерін жазуда ара жігін ашып жазу қажеттігін ескертіп, арнайы ереже ұсынған.

Қорытынды

Қазақ жазу жүйесін қалыптандыруды А. Байтұрсынұлы бұрынғы емлені терең талдаудан өткізіп, кемшін тұстарын түзету, халық қолданысына ыңғайлау арқылы жүзеге асырған. Себебі жазудың дыбыстық, тарихи және морфологиялық ұстанымдары тіл деңгейлерімен тығыз байланысты. Алайда тек бір ғана ұстаным аясында емле түзу ғалым өзі атап өткендей үлкен қиындық тудырмақ. Тек қана дыбыстық ұстанымға сүйенген жағдайда сөздердің түбірін сақтау қиындап, әр тіл иелменінің сөздерді дыбыстаудағы артикуляциялық және акустикалық ерекшеліктеріне орай сөздің жалпыға ортақ нақты бейнесін (орфографиясын) анықтау да мүмкін болмайды. Ал тек морфологиялық принципті басшылыққа алған жағдайда, қазақ тілінің үндестік заңы назардан тыс қалмақ. Тарихи принцип тілдің дамуын, формалық өзгерістерін ескерместен, алғашқы тұрпатын сақтап таңбалауға негізделеді. Алайда тіл динамикалық құбылыс болғандықтан, оғлы (ұл), оғлан (ұлан), адақ (аяқ), ел (қол), сығыр (сыыр) т.б. секілді тарихи түбірлерге негізделген жазуды қолдану қолайсыздық тудырмақ. Мұндағы әр ұстаным жазу жүйесін қалыптастырудың қаншалықты күрделі екенін анық байқатады. Сол себепті А. Байтұрсынұлы қазақ жазуы үшін фонетикалық және морфологиялық ұстанымдарды қажетіне қарай оңтайлы қолдануға негізделген жүйе құрды. Оған дейін жазба тілде грамматикалық заңдылықтардың «туыстық жүйеге» негізделуі, грамматикалық формалардың үндестік заңына бағынбауы, тілдің нақты грамматикалық құрылымы анықталмауы сияқты бірқатар факторларға байланысты ауызша тіл мен жазба тілде өте үлкен дифференция пайда болған еді. Жазу мен сөйлеудің бір-бірінен алшақтап кеткендігіне көзі жеткен А. Байтұрсынұлы, қазақ жазуын реформалау арқылы аталған мәселелердің ең дұрыс шешімін көрсете білді.

Қазақ тілінің жүйесін жоғалтпау үшін, сөз түбірі мен тұлғаларының ұлттық сипатын сақтау үшін, жазуда бірізділік болып, ғылыми негізді ережелерге сүйенуі үшін ғалым емле қағидаларын тіл грамматикасымен байланыстыра отырып түзді. Сол себепті «Тіл-құрал» еңбегінде тіл жүйесін үйрету мен жазуға дағдыландыру қатар көрініс тапты. Бұл атқарылған жұмыстардың барлығы қазақ жазуының дұрыс бағытта қалыптасуына, қазақ халқының сауатты жазуына, рухани мәдениеттің дамуына зор ықпал етті. Араб жазуын икемдеп қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде бар, алайда араб графикасында кездеспейтін дыбыстарға таңба беруі де тілдің ұлттық сипатын сақтау үшін маңызды шешім бола білді. Емле ережелерін жасауда ғалым ең бірінші тіліміздің дыбыс жүйесі мен сөз жүйесін зерттеді, одан кейінгі кезекте ауызша тілге барынша жақын жазба тіл қағидаларын анықтады. Тілдің қажетіне қарай фонетикалық, морфологоиялық ұстанымдарды қатар қолдана отырып, мағына мен үндестік заңын сақтауды басты меже етті. Осының нәтижесінде дара құрамды, күрделі құрамды сөздердің жазылуын, сөз формаларының жазылуын, жалғануын, шылаулардың жазылуын бір қалыпқа салған тиянақты емле ережелерінің негізін қалады. Осылай ғалым қазақ халқының оғанға дейін болған жалпы түркі халықтарына ортақ «хат мәдениетін» (термин академик Р.Сыздықтың еңбегінен алынды) қазақ тілінің табиғатына сай қайта құрды.

Мақала 2022-2024 жылдарға арналған «Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасы: теориясы мен тәжірибесі» (АР 13068356) атты гранттық зерттеу жобасы аясында жарияланды.

Әдебиеттер

- Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. Оренбург, 1871.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» басылымдарының графикалық проекциясы: (Дыбыс жүйесі мен түрлері, 1-кітап. 1914, 1924, 1927). / Жоба жетекшісі А.Фазылжан – Алматы: ЖК «Асыл», 2023. – 312 б.
- Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
- Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Тіл-жұмсар. – Астана: «Алашорда» ҚК, 2022.
- Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал (Қазақ тілінің сарфы) Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914.
- Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тілтанитқыш кітап (қазақ-қырғыз білімділерінің бірінші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 7-басылуы). – Семей: «Гүбиздат» баспаханасы - 1927.
- Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990, 52 бет.
- Мамырбекова Г.М. Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары. – Алматы, «Шапағат-нұр» 2012. – 360 б.
- Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч.1. Фонетика и морфология.: 2011. – 87 с.
- Сайбекова Н. Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы. Философия (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020.
- Уәли Н.М. Графика. Орфография. Орфоэпия / Нұрғелді Мақажанұлы Уәли. – Алматы: «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» баспасы, 2018 ж. – 344 б.
- Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
- Маралбек Е. Елдес Омарұлының емле туралы көзқарастары. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (140) / 2022.
- Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегіндегі қазақ емле ережелерінің құрылымдық ерекшелігі және оның ғылыми негізі. Аль-Фараби журналы 4 (80) 2022

References

- Altynsarin I. (1871) Nachal'noe rukovodstvo k obucheniju kirgizov russkomu jazyku. – Orenburg, 1871. [Altynsarin I. (1871) The initial guide to teaching Kirgыз the Russian language. Orenburg, 1871] (in Russian)
- Bajtursynuly A. (2023) «Til-qural» basylymdarynuñ grafikalyq proekciyası: (Dybys zhyjesi men tyrleri, 1-kitap. 1914, 1924, 1927). / Zhoba zhetekshisi A.Fazylyzhan. – Almaty: ZhK «Asyl», 2023. – 312 b. [Baitursynuly A. (2023) Graphic projection of «Language-tool» publications: (Sound System and Types, book 1. 1914, 1924, 1927). / Project manager A.Fazylyzhan. Almaty: ZhK "Asyl", 2023. – 312 p.] (in Kazakh)

- Bajtırsynұly A. (2013) Alty tomдық shyғarmalar zhinary. Til – құрал (қазақ тили мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «El-shezhire», – 2013. Т. III: –384 б. [Baitursynuly A. (2013) Collected works in six volumes. Language-tool (works on the Kazakh language and education). – Алматы: "El-shezhire", 2013. vol. III: - 384 p.] (in Kazakh)
- Bajtırsynұly A. (2022) Shyғarmalary – Sochinenija. On eki tom. Til-zhұmsar. – Astana: «Alashorda» ҚҚ, 2022. [Baitursynuly A. (2022) The works. Twelve volumes. Use of Language. Astana: "Alashorda", 2022.] (in Kazakh)
- Bajtırsynұly A. Til-құрал (Қазақ тилинің sarfy) Birinshi zhyldyk. – Orynbor, 1914. [Baitursynuly A. (1914) Language-Tool (Morphology of Kazakh Language) First year. – Orenburg, 1914.] (in Kazakh)
- Bajtırsynұly A. Til-құрал. Dybys zhūjesi men tyrleri. Birinshi tiltanytkysh kitap (қазақ-қырғыз bilimdileriniń birinshi tobyнұң kaulysy bojnsha өзgertilip 7-basylyuy). – Semey: «Gūbizdat» baspahanasy - 1927.[Baitursynuly A. Language-Tool. Phonetics. (edition 7 as amended by the resolution of the first group of Kazakh-Kyrgyz scholars). – Semey: "Gubizdat" printing house – 1927.] (in Kazakh)
- Syzdykova R. Ahmet Bajtırsynov. – Алматы: Қазақ SSR «Bilim» қоғамы, 1990. – 52 б. [Syzylova R. (1990) Akhmet Baitursynov. Almaty, Kazakh SSR Association "Bilim", 1990. – 52 p.] (in Kazakh)
- Mamyrbekova G.M. (2012) Eskiń қазақ тилинің zhazba нұсқалары. – Алматы: «Shaparat-нұр», 2012. – 360 б. [Mamyrbekova G. M. (2012) Written versions of the old Kazakh language. Almaty, "Shapagat-nur", 2012. - 360 p.] (in Kazakh)
- Melioranskij P.M. (2011) Kratkaja grammatika kazak-kirgizskogo jazyka. Ch.1. Fonetika i morfologija.: 2011. – 87 s. [Melioransky P.M. (2011) Brief grammar of the Kazakh-Kyrgyz language. Part 1. Phonetics and morphology.: 2011. – 87 p.] (in Russian)
- Sajbekova N. (2020) Grammatologijalyk paradigma: A.Bajtırsynұly zhəne қазақ zhazu үlgisiniń қалыптасуы. Filosofija (PhD) дәrezhesin alu үshin дайындалған dissertaciya. – Алматы, 2020. [Saibekova N. (2020) Grammatological paradigm: A. Baitursynuly and the formation of the Kazakh written model. Dissertation prepared for the degree of Philosophy (PhD). Almaty, 2020.] (in Kazakh)
- Uali N.M. (2018) Grafika. Orfografiya. Orfojeriya. – Алматы: «A.Bajtırsynұly atyndary Til bilimi instituty» baspasy, 2018. – 344 б. [Uali N. M. (2018) Graphics. Spelling. Orthoepia. Almaty: publishing house "A.Baitursynov Institute of Linguistics", 2018. - 344 p.] (in Kazakh)
- Uali N. Ahmet Bajtırsynұly zhəne қазақ zhazuының ontogenezdik damuy. // Ұлттық рухтың ұлы тинi – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б. [Uali N. (1999) Akhmet Baitursynuly and ontogenetic development of Kazakh writing. // The great preserver of the national spirit – Almaty, 1999. – 344 p.] (in Kazakh)
- Maralbek E. Eldes Omarұlyнұң emle turaly көзқарастары. L.N.Gumilev atyndary EYU Habarshysy. Filologija serijasy. №3 (140) / 2022. [Maralbek E. (2022) Eldes Omaruly's views on spelling. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. №3 (140) / 2022.] (in Kazakh)
- Maralbek E. Ahmet Bajtırsynұlyнұң «Til-құрал» еңbegindegi қазақ emle erezheleriniń құрылымдық ereksheлиgi zhəne оның ғылыми negizi. Al-Farabi zhurnaly 4 (80) 2022. [Maralbek E. (2022) Structural features of the rules of Kazakh spelling in the work "til-tool" by Akhmet Baitursynov and its scientific basis. Al-Farabi Journal 4 (80) 2022] (in Kazakh)